



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

баласының байлығында тілден артық не бар.

Тіл – ұлттың жаны, адам жүрегінің айнасы. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде, рухы мықты иманында. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі болып танылады. Әр нәрсенің түп-тамыры болатыны сияқты, ана тіліміздің де түп-төркіні бар. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» деп дана бабаларымыз айтса, заңғар жазушымыз М.Әуезов: «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» дейді. Сондықтан да мемлекеттік тілімізді сақтап, оның қадір-қасиетін терең ұғынайық. Мемлекеттің басты құндылығы да тіл екенін ұмытпайық. Осы орайда батыр Бауыржан атамыз: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды ұмыту» деген екен. Барлықтарыңызды ананың ақ сүтімен бойымызға тараған ана тілімізді дамытып, мәртебесін көтере білуге шақырамын.

Қолданылған әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан халқына Жолдау // www.akorda.kz
2. Мемлекеттік тіл саясаты. – Алматы: Арқас, 2005. – 294 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

ӘӨЖ 398.91: 59

ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ НЕГІЗІ

Меліс Айшырақ Медғатқызы

bota199393@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Жалпы қазақ мақал-мәтелдері біздің осы күнге дейінгі түсінігімізде, халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі көркем, әрі ырғақты нақыл сөздер деп қалыптасып келеді.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз жеткен философиялық әрі шешендік тұжырымдар, аз сөзбен көп мағына беріп, мәнді ой түйінін жасайтын халық даналығы. Сондай-ақ қысқа да нұсқа сөз орамдары тілдік қорымызды байытар асыл қазынамыз[1,3].

Мақал мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін құралы іспетті. Мақал-мәтелдерде, көбінесе, ортақ ой, жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, түрі жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ-ұйқасқа құрылады, көбінесе көркем тілмен – өлеңмен жасалады[1,7].

Негізгі зерттеу нысанына бармас бұрын, ең алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихына шолу жасап, ондағы тіл мәдениетінің қарастырылуына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады (Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ф.Катанов, В.В.Катаринский, П.М.Мелироанский, Н.Н.Пантусов, А.Е.Алекторов, М.Ысқақов, А.Байтұрсынов, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова, М.Аққозин т.б.)

2) Мақал-мәтелдерді зерттеудің ғылыми айналымына түскен кезеңі. М.Әуезов,

Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Н.Төреқұлов, Т.Кәкішов, З.Қабдолов, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышов, Б.Ақмұқанова т.б әдебиетшілер зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінің әдеби табиғаты, Р.Сәрсенбаев, Ә.Қайдар, Б.Шалбаев, Ө.Айтбаев, З.Ерназарова, Қ.Бейсенов, Ғ.Тұрабаева, А.Нұрмаханов, С.Сәтенова т.б тілші-мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктері сөз болады.

3) Қазақ тіл білімінде паремиологияның дербес ғылым саласына айналып, мақал-мәтелдердің антропоцентристік бағытта қарастырыла бастаған кезеңі.

Қазақ паремиологиясының антропролингвистикалық бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеген академик Ә.Қайдар болатын. Ә.Қайдардың мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық аспектіде зерттеуге байланысты ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын, сондай-ақ В.В.Виноградов, Н.Н.Амосова, М.Т.Тагиев, А.В.Кунин, И.И.Чернышева, А.И.Ефимов, В.М.Мокиенка т.б орыс фразеологтары мен Г.Л.Пермяков, Ю.М.Котова, Н.Н.Пантусов, Я.Лютш т.б паремиологтарының іргелі еңбектерін теориялық-методологиялық тұғыр еткен Д.Бегалықызы, С.Қанапина, Р.Атаханова, Ш.П.Қарсыбекова, М.Мирза, Ж.Исаев, Г.Қалиева, Р.Жүнісова т.б зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдері танымдық, прагматикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырылады [2,6].

Мақал-мәтелдердегі адам тіл мәдениетінің қарастырылуы оның ұлттық мәдени негізін айқындауға зор мүмкіндік береді.

Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастыруды дiттейтiн тiл бiлiмiндегi ауқымы кең зерттеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетiстiктерге қол жеткiздi. Соның нәтижесiнде тiл мен мәдениет, тiл мен халық, тiл мен таным арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеудi мақсат ететiн интеграциялық жаңа үрдістегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты ғылыми бағыттар қалыптасып, XX ғасырдың соңғы ширегінде жедел қарқынмен дами бастады. Олардың әрқайсысының зерттеу нысанын нақтылауда, я болмаса ғылыми теориялық және методологиялық негіздемесін жасауда тіл бірліктері басқа ракурста, яғни адам санасымен, ойлау әрекетімен, бүкіл адами болмыспен біртұтастықта қарастырылып отыр [3,2].

«Этнос» ұғымына «Этнос – өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» деген анықтама бере келіп, Ә.Т. Қайдаров «этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталатынын» айтады. «Этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл» деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени және ділдік негізін, тінін құрайтын конструктивтік (құрастырушылық) рөлін көрсетеді, «тіл әлемі» – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» деп тіл феноменінің ғылыми-танымдық дереккөздік сипатын анықтайды [3,6].

Демек, халықтың ұлттық ерекшеліктері, ұлттық менталитеті, ұлттық мәдениеті, ұлттық сипаты сол халықтың тілінде көрініс беріп жатады. Сол сияқты мақал-мәтелдердің де мазмұны белгілі бір халықтың, ұлттың, қауымның шаруашылық кәсібін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, сенім-нанымын көрсетеді.

Әдетте, тілдік жүйедегі тұрақты бейнелі оралымдарды (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) заттық-тақырыптық тұрғыдан топтастыруда негізінен мынадай екі түрлі ұстаным басшылыққа алынады:

1) «ұйтқы» немесе «өзек» сөздердің, яғни компонент-доминанттардың лексикалық мағынасын ескеру; 2) тұрақты оралымның белгілі бір ұғымдар

мен құбылыстарда білдіретін жалпы мағынасын ескеру. Бірінші ұстаным бойынша тұрақты бейнелі оралымдарды топтастыру барысында олардың материалдық негізі, өзара ассоцияға түсетін түсініктердің ауыспалы мағынада басқа ұғым-түсініктерге телінуінің нақты қырлары, яғни мазмұн межесі айқындалады. Қазақ тіліндегі көптеген тұрақты тілдік орамдардың жасалуына арқау етілетін ұйтқы сөз – өзек компонент ретінде соматизмдер, зоонимдер, фитонимдер, сандар, лингвокултуремалар т.б белгілі бір сөздер тобы алынады [2,4].

Осы күнге дейін халық санасына әбден сіңіп, қалыптасқан мақал-мәтелдерді тақырыптық топтастырып қарастыру орын алған. Келесі кезекте сол топтастырулар ішінде жан-жануарларға қатысты мақал- мәтелдерге, оның ұлттық мәдени негізіне тоқталып өткен жөн болар. Әлбетте, терең мағыналы сөз бен ойдың астарлы болуы мақалдардың табиғатына тән. Бір қарағанда аңға, құсқа, малға байланысты айтылған секілді көрінетін мақал-мәтелдер, түптеп келгенде адамның іс-әрекетіне байланысты шығарылады. Мәселен: «Ордалы жыланмен ойнама», «Есек семірсе иесін тебер», «Бұқаның арамзасы бұзау арасында», «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», «Аспандағы тырнаны ұстаймын деп, қолыңдағы шымшығыңнан айрылма», «Құланның қасуына – мылтықтың басуы» секілді мақалдар тек жылан, есек, ат, аң мен құсқа емес байланысты айтылған тұжырымдар емес. Түптеп келгенде мұның ар жағында адамның құлқы мен қылығы жатыр. Сондықтан да мақалдармен мейлі аң мен құстың қылығын, ит пен малдың мінезін сипаттай келе, түптеп келгенде, соның барлығы қоғамда өмір сүргендердің қоғамдасып тірлік кешуі керектігіне, жақсы мен жаманды айырып, дұрыс бағалай білуі қажеттігіне үндеуден туған. Ізгі жанды ізгі өмір іздеп келетіндей сенімге иландырудан бастау алған. Өмірдің тірегі – атаны, тұрағы – ананы қадірлеудің, елдің, отанды қастерлеудің, білімдарлыққа жетудің жолын іздеген.

Жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдердің ұлттық негізін аша алу үшін, ең әуелі мал шаруашылығы саласында туған төрт түлікке байланысты мақалдардан бастаған жөн. Қазақтың ежелден келе жатқан ата кәсібі – мал өсіру болған. Сондықтан да халық мақал-мәтелдерінің көбі малмен байланысты туған.

Қазақ малдың алды қой деп санаған. Қойдың еті мен сүті – ас, жүні мен терісі – киім әрі баспана. Оның үстіне қой – өсімтал және қолбала мал. Бірінші кезекте осы қойға байланысты мақал-мәтелдерге тоқталсақ.

«Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген мақалдың мәнін ашу үшін ең бірінші саулық сөзіне анықтама берсек: саулық – үш жастан асқан қой [4,716]. Яғни, қазақ ата-бабамыз қойды төрт түліктің алды санаған. Себебі, «Семіздікті қой ғана көтереді», «Қой алты күн аштыққа шыдайды» деп тілге тиек еткен мақалдар соның дәлеліндей. Міне, бұдан шаруаның күн көріс үшін қойдың қандай қасиетті мал екенін аңғару қиын емес. Қой – орман, тоғайы, өзен-көлі кем, қысы қатал, жері шөл, қара отты далалық жерде ыстық-суыққа төзімді, қысы-жазы өз аяғынан жайылатын және құдықтан, қолдан суарылатын мал. Сондықтан көптеген мақалдарда «Малды бақсаң қойды бақ, май кетпейді шарадан», «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір», «Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын»деп қой шаруашылығының өнімді, тиімді жақтары жан-жақты бейнеленген. Қай мал болмасын өздігінен өсіп-өнбейді, қой малы да сондай.

Қой мен ешкі – егіз түлік. Қойға қарағанда ешкі – көбінесе егізден, үшемнен лақтайтын, тез өсетін төрт-түліктің бірі. Сондықтан халық «Есің кетсе, ешкі жи, ешкі жи да есің жи дейді. «Сойып жесең – бір күндік, сауып ішсең – мың күндік» деп еті аз болғанымен, сүті молдығына назар аударады. Алайда ешкі қойдан еті аз, жүні қылшықты (түбітті) болуымен ғана емес, жазда желдеп, қыста ықтап кететін жүреген, өреген, ыстық-суыққа шыдамсыз, бағым-күтімді көбірек тілейтіндігімен де ерекшеленеді. Халық оны сондай «жеңіл мінезіне» қарай «Ешкілі қой өреген», «Сойса саны қалақтай...», «Жаман теке сүзеген» деп мысқылдайды. Осындай шаруашылыққа қолайлы-қолайсыз жақтарын, өзіндік қасиеттерін ескерте келіп, малсақ шаруа оны қалай бағу, кімге бақтыру жөнінде де ақыл айтуды ұмытпаған. «Қой семізі қойшыдан», «Қойды қорада сат, астықты ұрада сат» дейді шаруа.

Қойдан кейінгі шаруа қолды түлік – сиыр. Сиыр – ең алдымен сүтімен, сонысын етімен пайдалы. Сондықтан шаруа «Сиырлы бай – сары май», «Сиырлының үйі айран» деп баға

береді. Бұндағы айран – ұйытқы құйып ұйытылған сүт [4,25]. Сары май – кілегейді күбіде пісу арқылы немесе қаймақты шайқау арқылы алатын май [4,713]. Бірақ сиырдың барлығы бірдей емес. Оның сапалы, өнімді, өсімтал болуы ең алдымен тұқымына байланысты. Сондықтан «Сиыр алсаң танып ал, танымасаң тарғыл ал», «Сиыр мүйізді өгіздің күші болмайды, өгіз мүйізді сиырдың сүті болмайды деп ескертеді. Өгіз – сиыр малының піштірілген еркегі; күш көлігі[4;646]. Сиыр - тек сүтімен, етімен, терісімен ғана емес, күш-көлік ретінде қажетті, пайдалы мал. «Өгізге «өк» дегізген өлім», «Өгіз өлгенше өседі», «Диқан болсаң, өгізің болсын» деп өгіз күшіне үлкен мән берген. Сиыр өзен жағалаған егінші, отырықшы елге жайлы, жағымды болғанымен көшпелі елде онша бағаланбаған. Өйткені жүріске кем, жүні тықыр сиыр малына ерекше бағым-күтім керек. Ол жазда жайылым талғайды, қыста қолға қарайды, оған жылы қора, жиюлы шөп керек, шөлге де шыдамсыз. Оның үстіне сиыр – қыңыр мал, онша айдауға көнбейді, жөнге жүрмейді. Сондықтан басқа мадарға қарағанда көшпелі ел сиырды аз ұстаған. «Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді», «Жаман сиыр жазда бұзаулайды дейтін мақалдар сондай көзқарастан туған. Қайсыбір жайсыз адамдардың жағымсыз мінез – қылықтарын сынағанда да «Соқыр сиыр соқпақшыл, жаман адам тақпақшыл», «Сиыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді» деп сиырды ұнамсыз кейіпте атайды.

Көшпелі қазақ шаруасының қадірлісі – түйе. Түйенің жүні мен терісі – киім, сүті – сусын, еті – ас. Әсіресе түйе – күш көлік, көш көлігі ретінде бағалы. Қыста суыққа, жазда ыстыққа төзімді «Қоңсы ақысын түйе қайтарады», «Бесті бураның күні күркірейді», «Түйелі ел қырға, түйесіз ел Сырға» дейтін мақалдар қазақ елінде түйе малының қандай маңызды қызмет атқарғанын аңғартады. Қоңсы - отырған ауыл-үй, көрші-қолаң [4,519]. Түйе алпыс күн аштыққа, отыз күн шөлге шыдайды. Осынша шыдамдылығына, қуаттылығына карамастан ол – «шөк» десең шөгетін, «айт-шу» десең атып тұратын жуас, қайырымды мал. Ол тек мақал-мәтелде емес, қазақ ауыз әдебиетінің қай түрін қарасақ та түйе ерекше ілтипатпен, сүйіспеншілікпен аталады, қасиетті мал ретінде жырланады. Сондай абзал қасиеттері үшін шаруалар «Кішіпейілділікті түйеден үйрен», «Ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді» деп мадақтайды. Түйені алып күш иесі әрі сабырлы жануар ретінде марапаттайды. Ежелгі сауда-саттықтың, алыс берістің, жалпы құрлықтағы жол қатынасының негізгі көлігі болған түйенің «дала кемесі» атануы да тегін емес. Сыншы халық өзінің сүйікті малы түйе түлігінің де кемшіліктеріне кешірім жасамаған. «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты», «Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді», «Жалғыз түйе бақырауық» деп оның керенаулығын, аңқаулығын жаратпайды, сынамайды.

Жылқы – қазақтың ең қадірлі малы, ол – ең алдымен көлік ретінде, сонысын сусындық сүтімен, дәмді етімен құнды. Жылқы терісі киім болумен бірге жүген ноқта, айыл-тартпа, құйысқан - өмілдірік, үзеңгі бау, қанжыға бау, қамшы-шідер секілді ер-тұрман әбзелдері түгел дерлік жылқы терісінен істелген. Малмен айналысқан, малды малмен баққан шаруалар үшін бұл бұйымдар да жылқы малының құнын арттыра түскен. Сондықтан қазақ «Жылқы – малдың патшасы», «Сауын саусаң, бие сау – боз қырау түспей суалмас», «Жігіттің сорлысын аттың жолдысы теңейді» деп жылқыны, соның ішінде атты аса жоғары бағалаған. Мақал-мәтелдердің көпшілігі және көркемі жылқы малына, оның әр түрлі қадір-қасиеттерін бейнелеуге арналған. Аң аулау, мал бағу, ел қорғау ісінде ат-көліктің атқаратын қызметін кем бағалау қиын. Шаруаның жауы қасқыр атынан «Өгізді қойшы – өлген қойшы, жеп болғанда көрген қойшы; Түйелі қойшы тұрған қойшы, төбесінен ұрған қойшы; Аттылы қойшы – ашуы қатты қойшы» деп бекерге айтылмаған.

Жылқы малының ұрғашысына арналған мақалдар да халық назарынан тыс қалған емес. «Қулық құлын жанды», «Байтал шауып бәйге алмас» деген мақалдардың біріншісінде алғаш құлындаған биенің құлынына деген сүйіспеншілігін беру арқылы, ананың балаға деген махаббатын астарлап жеткізіп тұрса, кейінгісінде байталдың жарысқа түсіп, бәйге алу үшін емес, асылында тек ұрпақ жалғастыратып, төлдеу үшін жартылған жануар екенін баса айтады. Бұндағы қулық – тұмса құлындаған жас бие [4;529]. Байтал – екі, үш жас

аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы [4;100].

Соғыста жеңіске жеткізетін де, тойда абырой әперетін де, белгілі батырлардың атақ-даңқын шығарған да – ат, жылқы. Қазақтың батырлық жырларында жақсы аттар (Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан, Қарақасқа ат) бейнесі бытырлардан, арулардан кем сипатталмайды.

Халық мақал-мәтелдерінде жылқы малы жалпылама мақтала бермейді, оның жақсы-жаман қасиеттері ажыратылып, әрқайсысына сын да айтылады, баға беріледі. Халық сыншылдығы, саяткерлігі, бақылағыштығы осы жылқымен, атпен байланысты мақалдарда айқынырақ көрінеді. Жылқы малының сыр-мінезін жіті аңғартумен бірге халық «Бәйгіден ат келмейді, бап келеді» деп оны бабын тауып пайдалана білу жолдарын да нұсқайды. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Шідерлі ат – өз атың, тұсаулы ат – бос атың», «Ай мінбей атыңды мақтама» деп ескертеді. Бұндағы шідер – аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салынатын тұсау [4;938].

Келесі кезекте шаруаның аяқ артар бір көлігі – есек. Есек адамның алғашқы жұмыс көлігі, жуас көлігі. «Есек басымен түйе жетектеген» дейді. Алайда «жатақтар» болмаса, жалпы көшпелі ауылдар күші адал, сүті арам осы жануарды көп пайдаланбаған. Тіпті батыс, шығыс, солтүстік және орталық Қазақстан тұрғындарының көбісі есектің атын естігені болмаса, өзін көрмеген, бақпаған да бағаламаған.

Жалпы адамға залалсыз, момын әрі үйреншіктік малын бағаламайтын әдет бар. Содан ба, әлде ат пен түйеге үйренгендіктен бе, айтеуір, қазақ шаруалары есекті көп малданбаған, менсінбеген. Сондықтан болар – осы бір аяқылау арзан көлік туралы мақтау сөздер тым аз, тіпті жоқтың қасы. Оның есесіне «Есек жорға қатқақта, сыры мәлім батпақта», «Есектің жүгі жеңіл болса жатаған», «Есек семірсе иесін тебер», «Қарға мақтанып сұңқар болмас, есек мақтанып тұлпар болмас» деген секілді кекетіп-кемсітіп атайтын мақал-мәтелдер баршылық [5;255].

Есек сияқты «елеусіз» адамға алғаш серік болған жануарлардың бірі – ит. Ит – шаруаның күндіз көмекшісі, түнде күзетшісі. Ол жайында мақал-мәтелдер көп. «Ит – жеті қазынаның бірі», «Ел жатпай ит тынбас», «Ит иесін қорғайды», «Ит – үйдің құлағы», «Ит жисаң сырттан жина, қой бермейді қорадан», «Түлкі алған итте мін жоқ» дейтін халық мақалдарында оның малды ұры мен бөріден сақтайтын күзеткшілік, аң аулаудағы көмекшілік қызметі дұрыс бағаланған. Иттің осындай адамға жасаған адал қолғабысын мақтаудан гөрі оны даттайын мақал-мәтелдер басым. «Итке артқан қос далада қалар», «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөздер соны көрсетеді. Асылы, мал-жануарлар туралы мақал-мәтелдердің астарында адамға тән жақсылы-жаманды мінез-құлықтар, іс-әрекеттер жатады, соның ішінде надандық, пасықтық, жарамсақтық мінез-құлықтар көбінесе ит пен есек арқылы бейнеленген.

Сөйтіп, қазақ халқында төрт түліктік малынан мақал – мәтелден орын алмағаны жоқ. Көмекші көлігі есек, қора күзетшісі ит, тіпі «Мысық жоқта тышқан төбеге шығады» деп қамбаның, қаптың қарауылы мысыққа дейін халық назарынан қалыс қалмаған.

Қорыта келгенде, сан ғасырлар бойы халықтың қанына сіңген әдет-ғұрпы, мәдениеті, сана-сезімі, кәсібі, менталитеті, ұлттық ерекшеліктері бір сөзбен айтқанда ұлттық сипаты оның тілінде көрініс табатынана көзімізді жеткіздік.

Тіл ең басты, ең негізгі, ең тұрақты этностық көрсеткіш болып саналады. Оған территориялық біртұтастық, мәдени біртектілік, этностық (ұлттық) сана, мемлекеттік құрылым, шаруашылықтық ареал, әлеуметтік организм, антропологиялық тип сияқты тарихи өзгерістерге түсіп отыратын, тілге қарағанда тұрақтылық қуаты аз белгілер ілеседі. Сондықтан да Н.И. Толстой «тіл тағдыры мен этнос тағдыры» адамзат баласын өте ертеден толғандырған, ең көне проблемалардың бірінен саналатынын, мұнда тіл иесінің этникалық тарихына көз жүгіртпей тұрып, нақты тілдерге қатысты экстралингвистикалық деректерді елестету мүмкін емес екенін айтады. Н.И. Толстой: «Этностық құрылым тілдік құрылымға қарағанда тарихи өзгеріске бейім және «тіл – этнос» аралық қатыстылыққа біршама әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси қоғамдық процестердің ықпалында болады» – дейді [2,7].

Ел аузынан шығып, халық санасында қалыптасып күні бүгінгі дейін қалпын сақтап, жетіп отырған мақал-мәтелдерде тілдік құрамның бір бөлігі. Осы зерттеу жұмысында қаралған жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің тілінде де, тарих саханасында бағзыдан бері көшпелі халық образында орын алып келген қазақтың ата кәсібі – мал шаруашылығының қыр-сырын жетік білген, ұлттық ерекшелігіміз көрініс тауып тұр. Сөз күдіретін түсіне білген халықтың әрбір ауыз сөзінен оның ұлттық мәдени сипаты айқын көрінеді. «Тіл халық рухының сыртқы көрінісі іспетті: тіл – халық рухы, халық рухы – тіл. Бұлардан өзге бір-біріне соншалықты етене жақын нәрсені елестетудің өзі мүмкін емес» – дейді В. Гумбольд. Егер тарихымыздан тыс қалмай, ұлтымызды ұлықтап, рухымызды биік ұстап, елдігімізге кір келтірмейміз десек, бірінші кезекте ана тілімізді, сол тілімізбен жеткен асыл қазынамызды ардақтай білуіміз керек. Ол үшін тілдік тұрғыда зерттеу жұмыстарын талмай жүргізу керек. Осы тақырыпты негізге ала отырып, төрт-түліктен басқа да ұлттық сипатымызды айқындайтын жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдерге зерттеу жұмыстары көбірек жүргізіліп, арнайы жинақтар жарық көрсе екен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғ.Жандыбаев «Сөз мәйегі». Алматы, 1998 ж.
2. С.Қасымова «Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі. Автореферат. Астана, 2009 ж
3. Г.Сағидолда «Адам: Тіл: Мәдениет» үштігінің тілтанымдық тұғыры.
4. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» Алматы, 2008 ж.
5. Б.Адамбаев «Халық даналығы». Алматы, 2009 ж.
6. Ж.Коканова «Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны». автореферат. Алматы, 2010 ж.
7. Ә.Диваев «Тарту». Алматы, 1992ж.
8. «Ақылдың көзі» (мақал-мәтелдер жинағы). Алматы, 1992 ж
9. «Қазақ мақал-мәтелдері». Алматы, 2010 ж.

ӘӨЖ 811.512.122'373

ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Наурызбек Аидана Әлтенқызы
Таупыкова Айгерім Ардаққызы

Aidana-able@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Тәжірибеде сөйлемнің негізгі құрамымен тікелей байланысқа түспей, онымен мағыналық жағынан қарым-қатынаста тұрып ойды, хабарды білдіретін сөздер тобы кездеседі. Ондай сөздерді Р.Әміров «Жай сөйлемдердің құрамында қыстырма ретінде кірігіп жұмсалатын компоненттер» деп көрсетеді. [1, 95]. Қыстырма компонент сөйлемнің айтылу мақсатымен, мазмұнымен байланысты болып келеді де, грамматикалық жүйеден оқшау тұрады, ал ол оқшаулану қыстырма сөздердің өзіне тән интонациясынан байқалады. Сондай қыстырма компонент, оқшау сөздің бір түрі – тіліміздегі қаратпа сөздер. Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын өзіне аудару мақсатында сөйлеушінің (кейіпкердің) сөзінде, әсіресе, ауызекі тілде жиі ұшырасады. Сонымен қатар көркем әдебиетте, ұранды, үндеу, бұйрық, диалогтарда, шешендік сөздер мен поэзияда да қолданылады. Қаратпалар өзі қатысты сөйлемдегі ойды жеткізуде пікірдің кімге арналғанын анық білдіру үшін қызмет атқарып, белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалады.